

САНАЛЫ ҰРПАҚ, САПАЛЫ МАМАН

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда ерекше рөл атқарады.

Қазіргі таңда кәсіптік салада жан-жақты білімді, білікті, бәсекеге қабілетті маман даярлау олардың әлеуметтік, кәсіптік, өзіндік жұмыс жасай алу қабілеттерін дамытумен белгіленеді.

Еліміздегі экономиканың тұрақты өсуіне байланысты техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі міндеті – студенттерге сапалы білім мен саналы тәрбие беріп, бәсекеге қабілетті, құзіреттілігі қалыптасқан білікті маман дайындау.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласын жаңғырту мақсатында Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев елімізде дуалды оқыту жүйесін енгізуді тапсырды. Еліміздегі компаниялар мен кәсіпорындарға шұғыл түрде дуалды оқыту жүйесіне араласуға тапсырма берді. Осы талапты орындауда техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына үлкен міндеттер жүктелген.

Қазіргі кезде Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасына қарасты колледждерде дуалды оқыту технологиясының



элементтерін енгізу бағытындағы жұмыстар жүргізіліп, насихатталуда. Бұл тұрғыдан біздің аймағымызда Жамбыл облысының білім басқармасы мен облыстағы кәсіпкерлер палатасымен бірлескен жұмыстар атқарылуда.

Бүгінгі күні облыста күндізгі бөлімде 20975 студент оқып жатса, оның 5580-і (26,6%) дуалды оқытумен қамтылған.

2020-2021 оқу жылында 44 колледждің 39-ына 59 мамандық бойынша оқытудың дуалды жүйесі енгізіліп, оған 5580 студент қамтылып, 245 әлеуметтік серіктеспен 5580 келісімшарт жасалды.

Қазіргі таңда дуалды жүйеде білім саласы бойынша 7 колледжде 364 (6,5%), медицина, фармацевтика саласы бойынша 2 колледжде 126 (2,2%), өнер және мәдениет саласы бойынша 1 колледжде 131 (2,3%), қызмет көрсету, экономика және басқару саласы бойынша 8 колледжде 572 (10,2%), геология, тау-кен өндірісі және пайдалы қазбаларды шығару саласы бойынша 6 колледжде 344 (6,1%), мұнай-газ және химия өндірісі саласы бойынша 2 колледжде 379 (6,7%), энергетика саласы бойынша 4 колледжде 159 (2,8%), металлургия және машина жасау саласы бойынша 3 колледжде 145 (2,5%), көлік саласы бойынша 11 колледжде 779 (13,9%), өндіру, монтаждау, пайдалану және жөндеу саласы бойынша 11 колледжде 743 (13,3%), байланыс, телекоммуникация және ақпараттық

технологиялар саласы бойынша 14 колледжде 684 (12,2%), құрылыс және коммуналдық шаруашылық саласы бойынша 4 колледжде 428 (7,6%), ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология саласы бойынша 12 колледжде 726 (13,01%) студент білім алуда.

Дуалды жүйемен оқытудың дәстүрлі түрлері мен әдістері теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты азайтатыны, дуалды жүйенің механизмінде маманның жеке тұлғасына әсер етудің, болашақ маманның жаңа психологиясын қалыптастырудың жатқандығы байқалады.

Колледжде білім алып жатқан мамандарды кәсіби бағыттағы стандарттарға негіздей отырып даярлау және экономикалық қажеттіліктермен өзара байланыстыру қатаң түрде сақталып келеді. Бұл тұрғыдан әлеуметтік әріптестермен келісімшарт негізінде жүйелі байланыстар орнатылған. Олардың қатарында «Казфосфат» ЖШС, «ЖамбылГипс» АҚ, «Тараз механикалық заводы» ЖШС, «Таразхиммонтаж» ЖШС, «ЕвроХим-Удобрения» ЖШС сияқты ірі кәсіпорындармен серіктестік байланыс өзінің оң нәтижесін көрсетуде.

Дуалды оқыту жүйесіне негізделген әлеуметтік серіктестермен Кәсіпорын – Колледж – Студент үш жақты келісімшарт жасалады. Келісімшарт техникалық



және кәсіптік білім берудің оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларының негізінде құрылады. Ондағы басты негіздер – оқу процесінің ғылыми және әдістемелік жұмыстарын бірігіп орындауы, оқу процесіне өндіріс мамандарының араласуы, кәсіпорындарда өндірістік оқыту орындарының ұйымдастырылуы.

2019-2020 оқу жылында 1538 студент, оның 1374-і мемлекеттік

тапсырыс негізінде оқу бітіріп, қазіргі таңда 841 (54%) жұмыспен қамтылған. Дуалды оқыту жүйесі – заманауи технологияның еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлауға мүмкіндік беріп, әрбір түлектің оқу орнын бітіріп шыққан соң жұмысқа орналасуына кепілдік беретін бірден-бір таптырмас жүйелердің бірі. Сондықтанда саналы ұрпақ, сапалы маман дайындауда дуалды оқыту жүйесінің болашағы зор.

**Д. К. ЕСЖАНОВ,
Техникалық және
кәсіптік білім беруді
дамыту орталығының
директоры**



АННОТАЦИЯ ○

В настоящее время в колледжах, подведомственных Управлению образования акимата Жамбылской области, проводится и пропагандируется работа по внедрению элементов дуальной технологии обучения, творчески решаются вопросы формирования новой психологии будущего специалиста, традиционных форм и методов дуальной системы обучения, что сокращает разрыв между теорией и практикой.